



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 тамыздағы N 796 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1328 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен олардың сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 тамыздағы N 796 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 035 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оның сараптамасы" республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен олардың сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-1-жолмен толықтырылсын:

"20-1 Астана қаласының жаңа іскерлік орталығында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ғимаратын салу 13,36".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі